



Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

...Мен жастарға сенемін!  
Мағжан

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№32 (569)  
8 тамыз,  
2024 жыл

## ӘРІПТЕСІМІЗ — ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕ



Жыл басынан бері республикалық «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы болып еңбек еткен Айдар Сайлауов жаңа қызметке тағайындалды. Қалың оқырманға талантты ақын, дарынды журналист ретінде танылған Айдар Әділжанұлы Арал аудандық «Толқын» газетінің бас редакторы қызметін атқарады.

Басылымның бас сарапшысы ретінде ол мағналы мақала, сапалы сараптама мен эксклюзив материалдардың жарыққа шығуына ықпал етті. Газеттің де бет-бейнесі ерекшеленіп, жаңа дизайны қалыптасып, тақырыбы түрлене түсті. Өнегелі ойды өлеңге сыйғызып, поэзия әлемінен өзіндік орын алған Айдар Әділжанұлы осылайша журналистика саласында да мықты маман, білікті менеджер екенін таныта білді.

Ол еңбек жолын республикалық «Үстаз мәртебесі» газеті мен «Әлімсақ» журналынан бастап, жауапты хатшысы лауазымына дейін жоғарылап, «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Сыр бойы» газетінің тілшісі қызметін атқарды. Сондай-ақ республикалық аймақтық байқаулар мен мүшәйралардың жеңімпазы.

Өзі дүниеге келген Арал өңірінде қызмет етуге аттанған әріптесімізге толағай табыс пен абырой тілейміз!

12 тамыз — халықаралық жастар күні

# ЖАСТАР ЖҮРЕР ЖОЛ ҚАЙСЫ?

«Жасында байқары жоқтың, жасы жеткенде айтары жоқ». Бұл сөздің төркінін түсінбеу мүмкін емес. Бүгінде өз «потенциалын» ашуға тырысатын, өзі қалаған өмірді сүруге ұмтылатындар көп арамызда. Бірақ олар үшін бұл жол қаншалықты жеңіл? Бүгінгі жастарды не алаңдатады? Мұны білмек үшін қазіргі жағдайды сараптап, бүгінгі буынның өзімен де тілдесіп көрдік...

### Бүгінгі жасты не алаңдатады?

Алдымен ойға оралатыны, ЖОО-да тегін оқу, жұмыс пен баспана мәселесі. Әлеуметтік желіге тым көп көңіл бөлу, оңай жолмен тез байып кетуге ұмтылу көзқарасы, тым ерте үйленіп, тез ажырасу, құмар ойынға бейімділік те мәселе қатарына еніп кеткені рас.

Қоғамдық даму басқармасына қарасты «Ақпараттық-талдау орталығы» жылына 4 рет

аймақ жастары арасындағы ахуалға зерттеу жүргізіп, қорытындысы бойынша мүдделі органдарға ұсыныстар беріп келеді. II тоқсандағы зерттеу бойынша жастар арасындағы ахуал тұрақты деп сипатталған. Дегенмен келесідей қорытынды шығарылған.

Алғашқысы, аймақ жастары арасында жұмыссыздық мәселесі өзекті болып отыр. Екінші, жастардың басым бөлігі тұрғын үйге

деген қажеттілікті жеткізген. Үшінші, жергілікті жерде жастардың бос уақыттарын ұйымдастыру шараларын көбейту қажеттілігі сұралса, төртінші, жастар арасында дінге қызығушылықтың жоғары екені анықталған.

Осыған сәйкес бүгінде жүйелі жұмыстар қолға алынған.

3

## POPCORN BRAIN: САПАЛЫ КОНТЕНТКЕ НЕГЕ СҰРАНЫС АЗ?

«Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар» деген көне мақал бүгінгі қоғамның өткір мәселесін айқындап тұрғандай. Сөзбен қаруланған ақпарат ағыны бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Заманауи технологиялардың қарыштап дамуының арқасында мәлімет алу мен тарату үрдісі де көз ілеспес жылдамдықпен жүзеге асуда. Алайда осынау мәлімет тасқынының адам санасы мен ой-пікірінің қалыптасуына тигізетін әсері мамандарды ойландыруда. Себебі ақпараттық шапшаңдық сананы жаулап алғанда, ол адамның зейіні мен психологиясын тұмшалайтыны сөзсіз.



2-бетте



## ТҰРҒЫН ҮЙ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

4

## СЫРЛЫБАЙ БИДІҢ БИІК БЕЙНЕСІ, БҮТІН БОЛІМЫСЫ

Қадыр қазанынан қасиеттің қаймағын сүзіп алып, арда өнердің арбасын алға сүйреген, татулықтың туын жықпай, жығылғанның жағасын жөндеген жайсаң жұрт Арал ауданындағы Қызылжар дейтін құрқылтайдан ұясындай ғана ауылда мекен етеді. Сонадайдан қоп-қоңыр, қоп-қою күйкі тірліктің түп-түзу ұшқан түтін көрінетін киелі жердің ақ адал пейіліне ешқашан күйе жұқпаған. Шыршық тасын түртпін қалсаң термелеп, топырағын сипай қалсаң төкпелеп, шүйгін шөбін сөйлетсең өлеңдете кететін рухани ауылдың рухы перзенттерінің кеудесін нұрландырып, өнер аспанының жарық жұлдызы етіп жарқыратып тұр. Арысы мен берісін тырна тізбек етіп жазсаң, ақ қағаздың беті адам аттарына толып кетер еді. Әрбіріне бір-бір ауылдың атын беріп, көшелі ісі үшін көше есімін берсе де, жарасатын тұлғалар туып өскен. Бірақ солардың ең алдыңғы көшінде, тарихтың терең қойнауында Қызылжар ауылының ғана емес, күллі түркі әлеміне ортақ тұлға болып Сырлыбай бидің тұрғанын ауыз толтырып айтуға болады. Қазір алты Алашқа аты мәлім бидің ұрпақтары осы ауылда өмір сүріп жатыр. Сондықтан баба есімін ұлықтау кейінгі буынға мұра екені ақиқат.

5



Күллі жұртшылық көз тіккен аламан бәйге – Олимпиада жазғы ойындары биыл Франция мемлекетінде өтіп жатыр. Париж төрінде 25 спорт түрінен 329 медаль сарапқа салынып, 206 ұлттық құрама сапынан 10 мыңнан астам спортшы сынға түсіп жатыр.

### ОЛИМПИАДА — 2024: ТАРТЫСҚА ТОЛЫ ДҮБІРЛІ ДОДА



Жиырма жылға татыған жүзде

Кіл мықтыны анықтайтын спорт жарысында тосын жайлар мен қызықты оқиғалар аз емес. Ел намысын қорғап, азуы алты қарыс мемлекеттерді таңғалдырған қазақ спортшылары Париж төрінде көк туымызды желбірте алды.

Әлем көз тіккен дүбірлі дода бірінші күннен бастап тартысқа толы екенін спортеуіер қауым жақсы біледі. Қазақстан спортшылары алғашқы сәттерден-ақ ел мерейін асырды. Пневматикалық қару арқылы 10 метрден нысана көздеу сайысында ел атынан қатысқан Александра Ле мен Ислам Сәтбаев топ бастады. Аралас командалар арасындағы жарыста қазақ елінің қоржынына алғашқы қола медаль түсті. Бір қызығы, бұл спорт түрінен жерлестеріміз жиырма жылдан астам уақыттан бері медаль еншілей алмаған.

7-бетте

Басы 1-бетте

Жаңалықтардың шексіздігі адамның психикасына зор ықпал етеді. Тәулігіне түрлі ақпаратты толассыз миға қабылдау адамның стресске түсуіне, шаршауына және күйзеліске ұшырауына әкеп соғады. Мұндай жағдайда мәліметті өңдеу уақыт өте қиындай түседі. Психологтардың зерттеулері көрсеткендей бұл шешім қабылдау қабілетіне де кері әсерін тигізеді. Соның салдарынан адам санасының терендігі мен ойлау қабілеті жұтаңдайды. Мұндай құбылысты «porcogn brain» деп те атайды. Бұл термин ақпараттық ағынның үнемі жылдам өзгеруіне байланысты назар аудару мен ойлау қабілетінің әлсіреуін білдіреді. Нәтижесінде адамдар тек үстірт ақпаратты қабылдап, терең ойлау мен сараптау қабілетінен айырылуда. Бұған social media marketing мамандарының сөзі дәлел бола алады.

## PORCORN BRAIN:

# САПАЛЫ КОНТЕНТКЕ НЕГЕ СҰРАНЫС АЗ?



— Қазіргі кеністікте адамдардың назарын аудару өте қиын. Себебі кез келген бағыттағы ауқымды материалдар, ақпараттар мен көлемі үлкен мәтіндер, тіпті 1 минуттан асатын роликтер әлеуметтік желі қолданушыларына қызық емес. Ал қысқа жаңалықтар адамдардың назарын бірден аудару қабілетіне ие, — дейді SMM маман Марал Орынбасар.

Сөздің күшін қаруға теңесек те, құдіретін ұмытқанмыз тағы бар. Себебі бүгінгі ақпараттық сұраныс шоу бизнес өкілдерінің жеке өмірі мен тұтынатын заттарында секілді. Бұл қоғамның денгейін су бетіне шығарып тұрғандай. Ал мұндай кеселге қалай тап болдық?

Мәселенің басы қоғамның ақпаратқа шамадан тыс «тойып» қалуынан. Ал мұның себептерінің бірі — ақпараттық ағынның үздіксіздігі. Әлеуметтік желілер мен интернет-басылымдарда күнделікті жарияланатын жаңалықтардың жартысы дерлік «сары басылым» сөздері. Бұған қоса аудитория тартудың түрлі жолы қолданылады. Осы арада адамның миы ақпаратты тез қабылдап, тез ұмытуға бейімделеді. Нәтижесінде мазмұнды жаңалықтар мен маңызды тақырыптарды оқу қиындай соғады. Әрине, барлығы емес, бірақ «өттеген-айы» басым.

Қош. Ақпараттың көп екенін айттық. Бірақ бұл сылтау емес, мәселеге төтесінен барайық. Ақпаратқа «тойған» қоғамды, «медиагоймысыз» қауымға айналдырумыз қажет. Бу не дейсіз ғой.

Тойымсыз дегеніміз, ақпаратты сұрыптай алатын, өзіне қажетін алып, porcogn brain-нен бойын алшақ ұстайтын иммунитеті қалыптасқан, ең бастысы «білсем, көрсем, үйренсем» деп мазмұнды жаңалық іздейтін қоғам. Ал мардымды ақпаратқа сұранысты арттыруға алдымен ақпарат берушілердің өздері жауапты. Сайттар мен әлеуметтік желілерде сапалы контент ұсыну, оқырманның назарын аударатын қызықты әрі пайдалы материалдар жасау маңызды. Қоғамға шынайы, маңызды ақпарат ұсыну арқылы біз де олардың ақпаратқа деген сұранысын арттыра аламыз. Осы мәселеге байланысты сала маманының ойын білген едік.

«Халыққа жеңіл-желпі, арзанқол ақпараттың ұсыныла бастағанына біраз уақыт болды. Сонау тоқсаншы жылдардың басында-ақ отандық баспасөз айдынында шындыққа жанаспайтын, жалған дақпыртқа қурылған газет-журнал қаптап кеткен болатын. Ол кезде жай ғана «жанаша» ақпаратпен форматқа деген қызығушылықтан мұндай үрдіс белең алған сияқты. Сосын талғамды құлдырата берген соң, оның тұтынушысы да қалыптасып, кітап екінші орынға ысырылып қалғанының салдарын тартып келеміз деген ойдам. Ал интернеттің шығуымен сенсацияға құмар сарыжағал басылымның аудиториясы мен форматы кенейе түсті.»

Кейінгі жылдары ол әр әлеуметтік желіге тіпті мықтап орнығып алды. Не үшін? Елден еткізер кликбейттер арқылы аудитория мен рейтинг жинау үшін. Ал аудитория назары көп ақша тұрады. Бірақ оның түпкі ниеті мен әдіс-тәсілдері дұрыс болмағандықтан, қалың бұқараның санасын біртіндеп ұлап, дезинформацияның құрбаны болуға итермелейтіні рас. Сол арқылы индивидтің дамуын тежеп, ел үшін маңызды факторлар еленбей, оқырманды оның орнына басқа нәрсеге алдаусыратады. Бұл туралы Нил Постманның 1985 жылы шыққан «Өлгенше сауық құру» (Amusing Our-selves to Death) деген кітабы да бар. Дамуы кенжелеп қалған елдердің көбінде бұқаралық ақпарат құралдары өсен-аян мен ойын-сауық контентке негізделген. Дамыған шет елдерде де бұл тәріздес сарыжағал басылымдар жоқ емес, бар. Бірақ олардың үні журналистік стандартты ұстанатын салмақты, сарабалдаспасөзден үстем емес. «Фаст-фудтың» зияны секілді, арзанқол, дақпырт ақпарат та тұтынушысына зардап әкелетінін ұмытпай, бұқараның ақпараттық талғамын арттыра берсек, ондай сегменттің үлесі азаяды деп үміттенемін, — деді журналистика бойынша PhD, Maqst Narikbayev University Халықаралық журналистика мектебінің Adjunct Assistant профессоры Алма Сайлауқызы.

Адамдар күнделікті өмірдегі қиындықтар мен стресс әсерінен қашып, жеңіл әрі көңілді ақпарат іздейді. Шоу бизнес жаңалықтары бұл сұранысты толықтай қанағаттандырады. Белгілі тұлғалардың жеке өмірі, сән мен стиль туралы мәліметтер, түрлі қауесеттер мен оқиғалар әлеуметтік желілер мен сайттардың мазмұнын толтырады. Нәтижесінде, маңызды және мәнді жаңалықтар көлеңкеде қалады. Сол секілді теріс эмоция тудыратын ақпараттардың да әсері көп. Жаңалықтардан тек қана жамандықты естіп, көрген адамдардың көңіл-күйі түсіп, өмірге деген қызығушылығы төмендейді. Сондықтан медиа өнімдер мен ақпаратты дұрыс таңдап, оны халыққа дұрыс жеткізу маңызды. Мәселен, Pew Research Center зерттеуі көрсеткендей, негатив жаңалықтар оң жаңалықтарға қарағанда 30%-ға жиі қаралады.

Сол секілді әлеуметтік желіде ақпараттың атмосферасы тек той-жыннан хабар береді. Бізде шынайы мәселе қозғайтын ақпарат көзі аз. Ақпарат құралдарының хайп қуалағаны дұрыс па әлде арзан атак пен мыңдаған қаралымды көксемей, оқылымды ақпарат дайындау керек пе?

«— Әрине, қоғам санасын салмақты, сараланған ақпарат қана дамытады. Мәселен, қазір дұрыс тамақтану деген тақырып трендте ғой. Әр ағзамызға дұрыс қорек баруы үшін дәрігерлер сапалы, пайдалы, табиғи азық-түлік тұтынуды ұсынады. Тура сол сияқты біздің миымыздың қорегі — ақпарат. Оның сапалы болуы сана-сезім үшін аса маңызды. Сол себепті ол мәселеге бей-жай қарау дұрыс емес. Әйтпесе тек негатив пен жалған ақпараттың тұрақты тұтынушысы болған азаматтарымыз депрессияға түсіп, өмірден түңіліп, жалған ақпараттық призмань құрбаны болуы да ықтимал.»

Журналистика тәуелсіз, еркін болған сайын сапалы контентке сұраныс артып, оның жоғары стандарты қалыптаса бастайды. Ақпараттық гигиенадан бөлек, ақпараттық сауаттылық деген дағды да бұл қатердің алдын алуға көмектесер еді. Сонымен қатар журналистика өлемдік стандартқа сай дамуы, объективтілік, шынайылық, теңгерімділік, этиканы сақтау сияқты талаптарды орындай отырып қоғамға қызмет ететін жағдай жасалса, ахуал бірнеше есе тез түзеліп, қоғамның ой-өрісі артары сөзсіз. Өйткені кез келген ақпарат қоғамдық пікірге әсер етеді. Ал қоғамдық пікір қоғамдық сананы қалыптастыратынын, қоғамдық сана өз кезегінде әр саналы әрекетке жетекші болатынын өсте ұмытпау қажет, — дейді Алма Сайлауқызы.

Расымен, ақпарат — шексіз мүмкіндік. Оны сұрыптап халыққа ұсыну, оқырманның еңесін көтеріп, алға жетелейді һәм сараптай алатын қауым қалыптастырады. Ал қазір бұл мүмкіндік өзімізге беттеп тұрған суық қаруға айналғандай. Тапаншаның тұтқасы басылып, мәселенің өршігенін қаламасақ, қолдағы құралға абай болайық!

Әлия ТӘЖІБАЙ

### ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

“Сәрке Батыр қоры” қоғамдық қоры (БСН 150240017328) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Қызылжарма а/о, Мұратбаев көшесі 19 үй.

## Жастар

### жаңалықтары



#### «ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА»

Халықаралық жастар күні қарсаңында облыстық жастар ресурстық КММ тапсырысымен Жастар орталығында «Ziyatker quest» интеллектуалды сайысы өтті.

Шараның мақсаты – жастардың зияткерлік қабілетін дамыту. Шара барысында жастар арасында танымал интеллектуалды quiz ойыны жүргізіліп, 30 жас 6 командаға бөлініп бақ сынады. Сайыс қорытындысы бойынша бірінші орынды «АТЖ» тобы, екінші орынды «Кітап құрттары бөпелері», үшінші орынды «Сыр жастары» тобы иеленді. Қатысушылар алғыс хаттармен, ұйымдастырушылар тағайындаған арнайы естелік сыйлықтармен марапатталды.

Сондай-ақ жастар орталығы ғимаратында орналасқан №19 қалалық кітапханасында «Түнгі кітапхана» акциясы жүргізілді. Келушілердің басым бөлігі қазақ классиктеріне, поэзия, психология, философия саласына, заманауи кітаптар мен қазақ ертегілеріне қызығушылық танытуда. Жалпы іс-шараның өткізілу форматы күндіз бос уақыты жоқ оқырмандар үшін тиімді болмақ.

Сонымен қатар шара барысында «Кітап құрттары» клубының жана шығармаларды талқылау жиыны өтті.

#### ЖАСТАР КЕРУЕНІ САРЫБҰЛАҚ АУЫЛЫНДА

Қазалы жастар ресурстық орталығы мен «Жас Арал өрендері» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған мүмкіндіктер керуенінің кезекті сапары Сарыбұлақ ауылында өтті.

Әр ауылда ұйымдастырылып, жалғасын тауып келе жатқан «Пай-пай, шіркін, қазақтың келіндері-ай» атты келіндер сайысының қатысушылары «Ибалы келін», «Үлгілі келін», «Өнегелі келін» секілді бағамдармен марапатталды.

Кешкілік уақытта арнайы сала мамандарының қатысуымен түрлі бағдарламалар бойынша түсіндірме жұмыстары жасалды. Шара соны аудан өнерпаздарының қатысуымен өткен гала-концертпен тәмамдалды.

#### ШӨП ОРУ САЙЫСЫ

Халықаралық жастар күніне орай Өркендеу ауылдық округі әкімі аппаратының жанынан құрылған «Жанкент жастары» ұйымының және «Жанкент еріктілер» тобының ұйымдастыруымен егіс алқабында шөп ору сайысы өтті.

Сайыстың басты мақсаты – ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізе отырып, белсенділікке, іскерлікке, еңбекке баулу.

Іс-шара нәтижесінде Жәнібек Жарқынбекұлы жүлделі I орын иемденсе, II орынды Өрсен Салмырза, III орынды Рәсул Алдияр еншілеп, жеңімпаздар қаржылай сыйақымен марапатталды.

«Үздік шөп орушы» аталымына Мереке Орақбаев және «Үздік орақшы» аталымына Ерлан Сайлыбек лайық деп танылып, ауыл жастары атынан шаруашылыққа арналған құрал-саймандар табыс етілді.

#### АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Халықаралық жастар күні қарсаңында Қармақшы аудандық емханасында 18-29 жас аралығындағы жастарға профилактикалық қарап-тексерулер бойынша ашық есік күні өткізілді.

Шараға 30 жас қатысып, медицина мамандарының қызметіне жүгінді. Бұл акцияның негізгі мақсаты – жастардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау.

«Дені сау жас – ел болашағы» ұранымен өткен ашық есік күнінде жастар медицина мамандарынан (жалпы тәжірибелі дәрігер, офтальмолог, хирург, гинеколог, отоларинголог, психолог, стоматолог) кеңес алуға, скринингтік тексерулерден тіркеусіз өтіп, өз тағайындамаларына кезексіз қол жеткізу мүмкіндігіне ие болды.

#### ASPAN CINEMA

Жастар күніне орай аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Aspan Cinema» ашық аспан астында «ErkeBai» фильмінің көрсетілімі өтті.

Шараның мақсаты – қазақстандық кинорежиссерлардың фильмдерін көрермен назарына ұсынып, жастардың бойындағы отансүйгіштік пен патриоттық сезімді ояту.

«ErkeBai» – әртүрлі жастағы аудиторияны өзіне баурап алатын отбасылық кино. Шым-шытырыққа толы «ErkeBai» фильмінде бай басасының басынан кешкен оқиғалары баяндалады. Туынды қазір көптеген кино өнерін бағалаушылар тарапынан оң бағаға ие болып үлгерді.

#### КРЕАТИВ. ІЗДЕНІС. ТӘЖІРИБЕ

Халықаралық жастар күніне орай Аманкелді ауылдық округі әкімдігі және ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Ауыл жастары: Креатив. Ізденіс. Тәжірибе» атты аудан жастары арасында сайыс ұйымдастырылды.

Сайысқа Айдарлы, Жетікөл, Бесарық, Шіркейлі, Н.Лиясов, А.Тоқмағамбетов, Аманкелді ауылдарының 14-35 жас аралығындағы жастар қатысып, бақ сынады. Шара барысында қатысушылар бильярд, үстел теннисі, сурет салу, шахмат сайыстарымен қатар алтын көмбе топтық ойынында бақ сынап, жаңашыл идеяларымен бөлісті.

Сайыс нәтижесінде барлық қатысушыға Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасы, Сырдария аудандық қоғамдық даму бөлімі, Аманкелді ауылдық округі әкімі және Сырдария аудандық жастар ресурстық орталығы директорларының алғыс хаттары мен сыйлықтары табыс етілді.

Жалпы командалық сайыс қорытындысы бойынша I орынды Жетікөл ауылы еншілесе, II орынды Шіркейлі, III орынды Асқар Тоқмағамбетов ауылдары иеленді. Шара соны ауыл көркемөнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

#### ТЕМІРЖОЛШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Тамыз айының бірінші жексенбісі – теміржолшылар күні. Осыған орай аудандық мәдениет үйінде «Мерекеніз құтты болсын, теміржолшы!» атты мерекелік іс-шара өтті.

Теміржол желісі мемлекетіміздің дамуына айтарлықтай үлес қосып жүрген болса, теміржолшы мамандығы елге қадірлі, қашан да өз дәрежесінде құрметті. Мерекелік іс-шараға жиналғандарды аудан әкімінің орынбасары Бағлан Сағындықов құттықтап, теміржол саласында аянбай еңбек етіп жүрген жұмысшылар мен сала ардагерлерін аудан әкімінің мерекелік Алғыс хатымен марапаттады. Іс-шара аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.

#### ТӨЛЕГЕТАЙ-ҚЫЛЫШТЫ АТА КЕШЕНІ

Жастар ресурстық орталығының мамандары және ерікті жастардың бастамасымен Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне енген Төлегетай-Қылышты ата кешеніне тазалық жұмыстары жүргізілді. Шараға ерікті жастар белсене қатысып, тазалық барысында тарихқа шолу жасады.

Төлегетай-Қылышты ата кешені (XI-XII ғғ.) Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы орталығынан 30 шақырым қашықтықта орналасқан. Төлегетай баба – батырлығымен де әулиелігімен де тарихта қалған тұлға.

Сондай-ақ мерекелік күн қарсаңында жастар аудан орталығы мен халық көп шоғырланған аймақтарда түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тұрғындарды тазалық сақтауға шақыратын ұнарақтар таратты.

«АЖ» ақпарат

# Жігерлі жанға жол ашық



**Облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Баймановтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі кеңес отырысы өтті.**

Жиында облыс әкімі – кеңес төрағасы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес жастар мен жас отбасылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оның ішінде, білім алу мүмкіндігін кеңейту, кәсіпкерлік бастамаларын қолдау, жұмыспен қамту мәселелері қаралды.

Облыста Байқоңыр қаласының жастарын қоса есептегенде 14 пен 35 жас аралығындағы 246 455 азамат тіркелген. Бұл – жалпы халықтың 29,2 пайызы.

І тоқсан қорытындысы бойынша жастардың жұмыссыздық деңгейі 3,5, ал NEET жастарының үлесі 7,5 пайызды құраған.

Жиында облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов жастарды дамыту мен қолдау мақсатында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде биыл 30 жоба жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

– Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей қолдауымен қолға алынған «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы бойынша мамыр айында 60 жас отбасыға пәтер берілсе, жақын арада тағы да 40 жас отбасыға пәтер кілттері табысталамақ.

Атап өту керек, есепті кезеңде бағдарламаға қатысқан 471 жастың 415-іне «Отбасы банктен» төлем қабілетін растау үшін жолдама берілді.

Өткен жылдан бастап «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңға өзгерістер енгізілгені белгілі. Сөйкесінше, жастар санаты 35 жасқа дейін ұзартылды, уақытша бос жүрген жастар ұғымы (НИТ), жастармен жұмыс жөніндегі маман статусы заңмен бекітілді.

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды, – деді басқарма басшысы.

Басқармаға қарасты «Ақпараттық-талдау орталығы» жылына 4 рет аймақ жастары арасындағы ахуалды зерттеп, қорытындысы бойынша мүдделі органдарға ұсыныстар беріп келеді. Басқарма басшысы осыған сәйкес бірқатар шара қолға алынғанын атап өтті.

– Еңбекке қабілетті, бірақ жұмыс істемейтін және жұмыс істеуге ниеті жоқ жастармен адресі жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстарға жауапты салалық құрылымдар мен жастар ресурстық орталықтары тікелей атсалысуда.

Шаралар қала, аудан бойынша жекеленген іс-шаралар жоспары негізінде жүргізілді. Нәтижесінде, NEET санатындағы 1959 жастың әлеуметтік портреті қалыптасты. Нақты тізімдер бар, ендігі кезекте осы жастарды мемлекеттік қолдау құралдарына тарту бойынша тиісті шаралар қабылданып жатыр.

Сондай-ақ жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында Қызылорда қаласы әкімдігімен бірлескен «Коммунити» орталықтары іске қосылды. Мұнда жастарға

бағыт-бағдар беру, шығармашылық әлеуетін көтеру, біріктірілген идеялар алмасу, бейресми білім беру, сондай-ақ қажетті дағдыларға бейімделуіне мүмкіндіктер жасалуда, – деді басқарма басшысы.

Бүгінде облыс бойынша 6226 мүмкіндігі шектеулі жастың базасы өзектендіріліп, 2529 жас ақысыз негізде жастар орталығының базасында «Ерекше сынып» 3 айлық оқыту курсына қатыстырылған.

Бүгінгі буынды еңбек пен тазалыққа баулитын «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы қатарында маусым-шілде айларында 913 жас жұмыс істеген. Жасак қатарына ұйымдастырылған жастармен қатар әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан және NEET санатындағы жастар тартылған.

Сондай-ақ жиында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Ибраева жұмыссыз жастар санын азайту мәселесі бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Кеңес отырысында сала мамандары жастар мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар ұсынысын жеткізді. Мүдделі орган басшыларына жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды кең көлемде насихаттау, NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіру тапсырылды.

**А.НУРТАЙҚЫЗЫ**

## ЖАҢАШЫЛ БАСТАМА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

**Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Кез келген салаға серпінді сыйлап, өзгеріс алып келетін де жалынды жастар.**



Ежелден еліміз үшін еркіндіктің символы болған бұркіт ұядағы балапанының қанаты қатай бастағаннан-ақ түрлі сынақтан өткізіп, тіршілік етуге баулиды. Дәл солай адамзат баласының да ақылы толыса бастаған шағында қоғамға бейімдеп, қолдау білдіру – баршамыздың басты міндетіміз.

12 тамыз – халықаралық жастар мерекесі. Биыл Мәдениет және ақпарат министрлігі «Жастар және отбасы істері» комитетімен бірлесіп отырып, аталған мерекені ұлттық онкүндік ретінде атап өтуге бағытталған арнайы тұжырымдама бекітті.

Республика көлемінде қолға алынған онкүндік аясында ұйымдастырылатын шаралар тізімін өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Әліби Басаров баяндады.

3 тамыз күні «Таза Қазақстан» акциясымен бастау алған іс-шаралар легі күн сайын түрлі тақырыппен жаңаша форматта жалғасын тауып келеді.

Алғашқы күні ұйымдастырылған экологиялық акцияға жастар ұйымдары, волонтерлер, «Жастар рухы» Жастар қанаты ұйымының мүшелері, «Жасыл ел» еңбек жасағы, сонымен қатар жастар орталықтарының қызметкерлері қатысты. Жиылған 100-ге жуық

адамның бір тобы жастар орталығы ғимаратының маңайын ретке келтірсе, енді бір тобы тыл және еңбек адагерлерінің үйінде тазалық жұмыстарын жүргізді. Қалған бір тобы облыс орталығындағы ескерткіштерді сүртіп, қала тұрғындарын тазалыққа шақыратын ұнпарақшалар таратты.

Ал 4 тамызда отандық режиссерлерді қолдау мақсатында облыстық жастар орталығы және «Арбат» саябағында «Аспан Сінепа» шарасы ұйымдастырылды.

Облыстық жастар орталығы мен жастар ұйымдары бірлесіп, көрерменге көгілдір экраннан көркем туындыларды тамашалау мүмкіндігін тарту етті. Көрсетілімдер қала, аудан орталықтарындағы ЛЭД экрандарда, мәдениет үйлері мен ауылдық клубтарда, жастар көп шоғырланатын орындарда, сондай-ақ жазғы тынығу лагерлерінде де жүргізілді.

Аталған онкүндік 5 тамыз күні «Донор бол!» акциясымен жалғасын тапты. Таңғы 9:00-де облыстық қан тапсыру орталығына 30-ға жуық жас жиналып, ерікті түрде донор болуға ниет білдірді.

Сонымен қатар кешкі сағат 18:00-де қалалық мәдени және демалыс саябағында «Жастар денсаулық орталығының» көшпелі форматтағы «Дені сау жас – ел болашағы» атты тегін медициналық көмек беру шарасы өтті.

Акция барысында тәжірибелі дәрігер гинеколог, уролог, психолог, валеолог мамандар қала тұрғындарына нұсқаулық көрсетіп, кеңес берді.

– Жалпы алғанда ұлттық онкүндік аясында 200-ге жуық шара ұйымдастырылып, тікелей және жанама түрде 50 мыңға жуық жасты қамту жоспарлануда – деді Әліби Төлепбергелұлы.

Айта кетейік, республикалық деңгейде ұйымдастырылып отырған ұлттық онкүндік алдағы күндері де жалғасын табады.

Ұйымдастырушылар «Мейірімділік мекені», «Адал азамат», «Қорған – 24» секілді түрлі тақырып аясында өткізілетін іс-шараларға аймақ жастарын белсенді атсалысуға шақырды.

**Аружан ОРАЛБАЙ**

**1-бетте**

**«БОС УАҚЫТЫН ҚАЙДА ЖҮМСАРЫН БІЛМЕЙДІ...»**

17-18 жастағы жасөспірімдердің көпшілігі үшін негізгі мақсат – ЖОО-ның білім грантын иелену. Жыл сайын білім беру гранттарының саны артып, мүмкіндіктің молайғаны белгілі. Үздіксіз дайындалсаң, тегін оқудың да ауылы алыс емес. Біздің елде жоғары білім алуға барынша жағдай жасалған деуге болады. Жақсы, жас талапкер білім беру грантын иеленіп, оқуға

қалайша жүз мыңдап қарызға кіріп кеткенін аңғармай қалуда.

Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сүйенсек, лудомандар саны 350 мың шамасында. Сонда 20 млн тұрғынның 1,75 пайызы ойынқұмарлықтың құрығына ілінген болып тұр. Ал әрқайсысының орташа қарызы – 10 млн теңге.

**АРЗАН АҚША ІЗДЕП, АРМАНЫНАН АЙРЫЛЫП ҚАЛДЫ...**

Жас әлеуметтанушы Абай Арыстанбек те «қазіргі жастардың басты мәселесі – бос

лады. Кейінгі жылдары кісі өлімінің үйреншікті жағдайға айналуы, әйелдерге ғана емес ер кісілердің өзіне көрсетілетін қысым, жасырын және жария қорлықтар кім-кімнің де алаңдаушылығын тудыруда. Жастардың да, оларды өсіріп отырған ата-ананың да көңіліндегі түйткіл осы деп ойлаймын.

Мұның барлығы отбасындағы тәрбиенен бастау алады. Мәнінше, балалар көз алдында болған дүниеге бейімделіп өседі. Үй іші ұрыскеріске толы болса баланың жасқаншақ, зұлым болып өскеніне таңқалудың қажеті

## ЖАСТАР ЖҮРЕР ЖОЛ ҚАЙСЫ?

түсті делік. Дегенмен қазіргі буын осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, академиялық оқу процесінен бөлек, ғылыми тұрғыда ізденіп, сабақтан тыс уақытта тұлғалық қабілеттерін ашуға өрекет етіп жүр ме?

Иінгірескен ақпарат ағыны жастардың нақты бір кәсіпті менгеруіне де келергі келтіруде. Айталық, өзі мұғалімдікті оқып жүрсе де, мобилограф не психолог болып кеткендер көп аразында. Оған себеп, интернеттегі жарнама мен блогерлердің көз қызықтыратын «мол табысы». Осының әсерінен нақты мамандыққа деген ынтасы жоғалған студенттер мен оңай жұмыс іздейтіндердің қатары көбейгені рас. «Бір айда 150 мың теңге тапқанша, неге мобилограф бола салмаймын?» дейтін таныстарыңыз да бар шығар... Бірақ ол жас маманның болашағына қаншалықты пайдалы? Өз саласы бойынша нақты білім алып, тәжірибе жинайтын уақытын, жастық қуатын SMM не мобилограф боламын деп жоғалтып алмай ма?! Бүгінгі сала мамандарын ойландырған мәселенің бірі – осы.

Бос уақыттың көп болуы және оның пайдалы іске арналмауы теріс ойлар мен зиянды әдеттерге де соқтыруда. Қазір 100 теңгемен-ақ интернеттегі оп-онай ойындарды ойнауға әуестенген жастар

уақытын тиімді пайдалана алмауында дейді.

– Жастардың көбі бос уақытын қайда жұмсарын білмейді. Осы мәселені шешуге қоғам бір кісідей атсалысса екен деймін. Оған көмектесе алатын мамандар жұмыс істеуде, көмегі тиіп жатыр деуге де болады. Бірақ мұндай шараларды көбірек қолға алу керек.

Екіншісі, жастардың лудоманияға бейім болуы, букмекерлік кеңселерді жағалып бос тігуі тым көбейіп кетті деуге болады. Арзан ақшаның артынан еріп, арманынан айрылып қалған жастар бар. Отбасынан ажырап кеткендері қаншама. Жастарда қандай мәселе бар дегенде осы екеуін алдымен айтуға болады, – дейді әлеуметтанушы.

М.Мақатаевтың күнделігінде мынадай сөз бар: «Адам өмірінің бақыты – балалық шағы. Балалық шақ бақытсыздықпен өтсе, санасы бар пенденің бүкіл ғұмырына сызат түскені». Келісетін боларсыз. Студент Ақниет Мәуленова жастардың жақсы іске бейім болуы отбасындағы тәрбиенен бастау алады деген пікірде.

– Қазіргі жастарды алаңдататын проблемалардың алды зорлық-зомбылықтың көбеюі деуге болады.

жөк. Сол үшін әр ата-ана тікелей өздерімен жұмыс істеуі қажет. Бізде заң күшіне енгенімен, балаға жақсы тәрбие беруді, үнемі қадағалап отыруды ата-ана назардан тыс қалдырмаса деймін, – деді ол.

Ал Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Нұрайым Сағинадикқызы ең негізгі үш мәселені атап өтті.

– Жастардың көпшілігі жоғары білім алуға ұмтылады, бірақ жоғары білім алғаннан кейін жұмыс табу қиын болуы мүмкін. Кейбір салаларда жұмыс орындарының тапшылығы бар. Бірақ кей жастардың алған білімі жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келмейді.

Сондай-ақ жастардың көбі баспанаға келгенде қиындық көреді. Жылжымайтын мүлік бағалары мен ипотекалық несие алу шарттары да жастардың баспана алуын қиындатады.

Мұнымен қоса әлеуметтік желілердің әсері, жеке және қоғамдық қысым жастардың психикалық денсаулығына әсер етуде. Қазір көптеген жас стресстен, депрессиядан, болашаққа деген алаңдаушылықтан зардап шегеді, – дейді ол.

Байқағанымыздай, жастар өздері де аулақ болуы керек мәселелерді анық біледі. Тек соны уақытылы шешуге ерік-жігері жетсе болғаны. Қазір мемлекеттің қолдауы да, баланың білімі үшін инвестиция салатын ата-ана да көп. Тек жастар өзі ойлағандай болашаққа қадам басуы үшін жақсы достар тауып, орта қалыптастырып, бос сөз бен пайдасыз істен аулақ жүріп, құр амбиция мен төкапарлықтан сақтанса дейсін.

**Айдана ЖҰМАДИНОВА**





Аймақта тұрғын үйлер мен жаңа ғимараттардың құрылысы жыл басынан бері жоспарға сай жүргізіліп, халық игілігіне 763 пәтер берілді. Бүгінде қала аумағында 74 көпқабатты үй салынууда. Алдағы уақытта қала көлемінде 1685 баспана пайдалануға беріледі деп күтілуде. Аудандарда да бұл үрдіс жоспарға сай жүзеге асуда.

# ТҰРҒЫН ҮЙ

## САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

### 51 тұрғын үй апатты жағдайда

Ұлттық статистика бюросының ұсынған мәліметтеріне сүйенсек, облыс көлемінде қантармасым айларында орындалған құрылыс көлемі өткен жылға қарағанда 135,6%-ға өскен. Республика көлемінде Қызылорда облысының құрылыс жұмыстарының өсу динамикасы 35,6%-ды құрады, яғни едәуір ілгерілеу байқалады. Ал тұрғын үймен қамтамасыз ету өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 103,7%-ды қамтиды.

Қызылордада кейінгі 2 жыл ішінде 17 мың тұрғынға 4 мың пәтер берілді. Жыл басында қала әкімі қаладағы апатты деп танылған үйлердің ахуалымен танысып, тиісті шара қабылдайтынын жеткізген болатын. Аймақта 51 көпқабатты тұрғын үйдің халі мүшкіл, ал соның 22-сі Тасбөгет кентінде орналасқан. Мамыр айында шаһар басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Тасбөгет кентінде бой көтерген екі көпқабатты үйдің 150 отбасыға пәтер кілтін табыстаған болатын. Облыс әкімі бюджет қаражаты есебінен 13,3 млрд теңгеге 1 269 пәтерлік 67 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілетінін хабарлап, оның ішінде 950 баспана облыс орталығына тиесілі екендігін жеткізді. Бүгінде қала көлемінде 7 қабатты 850 пәтердің жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамаға жөнелтілді.

Қала тұрғындары Титов елді мекеніндегі үйлердің жағдайына алаңдаулы. Айтуларынаша, ол жақтағы тұрғын үйлерді паналау күннен күнге қиындап, тез көшіруді талап ететін апатты жағдайға жеткен. 2023

жылы қауіпсіздік стандарттарына сай емес деп танылған үй тұрғындарына баспана берілмегендігін жеткізуде. Сондай-ақ өңір орталығында орналасқан «Автовокзал» жанында да модернизацияны талап ететін үйлердің қарасы көп. Тіпті жаңадан қолданысқа берілген үйлердің сапасы да кейде сын көтермейді.

– Үй осында 4 жыл бұрын қолданысқа берілді. Өзім тұрмадым, таныс кісіге жалға бердім. Ол да вахталық қызмет атқаратын болған соң үйде аптасына 1 күннен артық болмайтын. Міне, ол кісі көшіп, енді үйге өзім тұрақтаймын ба дегенде, үй жөндеу жұмыстарын қажет етіп тұр. Бірақ аз ғана уақыт өтті ғой. Оның үстіне, айтып өткенімдей, азып-тозып та үлгермеді. Небәрі 4 жыл, десе де жуынатын ванна бөлмесіндегі кафельдің асты көтеріліп кеткен, бөлме қабырғаларына үлкен көлемде жарықшақ түскен. Үй қыс мезгілінде салынған екен, мұның өзі үй құрылысында кінәраттын көп екендігін білдіреді, – дейді атын атамауды өтінген қала тұрғыны.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев құрылыс нысандарының сапасын жеті өз бақылауында ұстап отыр. Сала мамандарына тапсырма жүктеп, жоғарыда атап өткен кемшіліктердің болмауын басты назарда ұстауды талап етуде. Десе де кейінгі екі жылда қаланың көркейгенін байқаймыз. Бұл жаңалыққа тұрғындар да дән риза.

мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы іске қосылған. Жалпы жоба аясында облыста 12 300 орынға арналған 21 білім ошағы салынады деп күтілуде. Биыл мектептің 10-ы, келесі жылы 11-і пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Бүгінде білім ошағы қажет деп танылған шағын аудандар анықталып, мердігер мекемелер берілуге тиіс 10 мектептің құрылыс-монтаж жұмыстарын толық аяқтады. Инфрақұрылым жүргізуге облыс бюджетінен 1,7 млрд теңге бөлінді. Аталған жоба аясында салынған мектептер оқушылардың еш кедергісіз сапалы білім алуына жағдай жасайды деп күтілуде.

Бірақтар аудан және шет елді мекендегі оқушылардың жайлы білім алуы үшін мектеп ғимараттарына орташа және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жаңа оқу жылы басталғанға дейін қолданысқа беріледі.

Сондай-ақ «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен заманауи 350 орындық Оқушылар сарайы салынууда.

клубтың құрылыс жұмысы басталды. Жалағаш ауданында құны 471,6 млн теңгені құрайтын денешынықтыру-сауықтыру құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, кешен ел игілігіне берілді. Ал Қармақшыда ауданына қарасты бағдарлама аясында көшелердің жөндеу жұмыстары басталып, орташа және күрделі жөндеулер жүргізілді.

Қала тұрғындарының арасында «қазіргі үйлер неге қызыл түсте?» деген сұрақ бар. Мұның жауабы да қарапайым. Қызыл кірпіш сенімді және ұзақ уақыт беріктігін жоғалтпайтын қасиетке ие. Оның арқасында баспананыңды ғасыр бойы паналай аласыз, сондай-ақ өзінің көрікті келбетін сақтап тұрады. Көп жөндеуді де қажет етпейді. Қалада осындай сапасы мықты кірпіштен құралған баспаналар құрылыс жылдан жылға көбейіп, аймақ тұрғындарын қуантып келеді. Жоғарыда атап өткен апатты үй тұрғындарының да осындай көрікті, мықты баспанада тұруға құқығы бар. Сол себепті апатты баспананың мәселесі тез шешіліп, халық жағдайы жақсарса екен дейміз...

Н.НҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ

### «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы

Білім беру ұйымдарына ойысқақ. Аймақта білім беру сапасын арттыру



## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ГРАНТЫ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Жуырда мемлекеттік грант иегерлерінің тізімі жарияланды. 2024-2025 оқу жылына 78 219 грант бөлінді. Талапкерлердің басым бөлігі «Педагогикалық ғылымдар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бағытындағы мамандықтарды таңдаған. Ал мемлекеттік грант иегерлерінің тізіміне ілінбеген болашақ студенттер үшін мүмкіндік бар. Мәселен, 2013-2024 жылдар аралығында 1425 студент облыс әкімінің грантын иеленді. Оның 979-ы оқуды тәмамдаса, 450 жас маман жұмыспен қамтылған. Ал 91-і жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды.



Бұл туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында баяндады.

– 2024-2025 жылға жасалған облыстың еңбек ресурстарының балансына сәйкес, мамандар тапшылығын және өңірде жүзеге асырылатын бірқатар инвестициялық жобалардың іске қосылатынын ескере келе алдағы оқу жылына 100 маман даярлау жоспарланды. Атап айтқанда, медициналық мамандықтарға – 15, су ресурстарын басқару, экология және табиғатты пайдалану мамандықтарына – 6, құрылыс және тау-кен ісі мамандықтарына – 6, агрономияға – 6, инженерлік мамандықтарға – 14, өнер мамандықтарына – 15, мал шаруашылығы мамандықтарына – 13, азық – түлік өнімдерін өндіру және көлікті пайдалану технологиялары

мамандықтарына – 23, дінтану мамандықтарына – 2 грант бөлінеді, – деді басқарма басшысы.

Ал білім беру грантының 55-і Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, 10 грант Қызылорда «Болашақ» университеті, 5-еуі Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, 13-і Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті, 7-еуі Қарағанды медицина университеті, 8-і С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, ал қалған 2 грант Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетіне берілді.

– Облыс әкімі гранты Қызылорда қаласы мен аудандар арасында халықтың санына және сұраныстарына қарай бөлінді.

Нақтырақ айтсақ, Арал ауданы бойынша – 8, Қазалы ауданына – 7, Қармақшы ауданына – 10, Жалағаш ауданына – 5, Сырдария ауданына – 4, Шилелі ауданына – 9, Жаңақорған ауданына – 9, Қызылорда қаласына 48 грант.

Мемлекеттік грантқа іліге алмай қалған әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал топтарынан шыққан талапкерлер облыс әкімінің грантына үміткер бола алады.

Құжат қабылдау аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінде 6 – 15 тамыз аралығында жүреді. Грантты тағайындау туралы шешімді аудан, қала әкімдіктері жанынан құрылған арнайы комиссия қабылдайды. Үміткерлердің отбасынады кірістерінен бөлек ұлттық бірінші тестілеудің нәтижесі мен отбасылық жағдайына басымдық беріледі. Оның ішінде осал топтағы жетім, интернат үйінің тәрбиеленушілері, мүгедектігі бар балалар, ата-аналарының мүгедектігі бар немесе асыраушысынан айырылған талапкерлердің мүмкіндіктері көп, – деді Ғабит Жаңабаев.

«АЖ» ақпарат



# СЫРЛЫБАЙ БИДІҢ

## БИІК БЕЙНЕСІ, БҮТІН БОЛМЫСЫ

«Қыз Жібек» киссасын әрі қарай жалғастырып, шырқап кетеді. ... Бұл өзі оқиға екен мол деректі, Жырлауға осындайды болдым етті. Естіп Төлеген мен Жібек жайын, Қисса етіп баяндауға көңілім кетті. ...Қарсы алды Шекті, Табын, Жағалбайлы, Ел екен дәулетіне сәулет сайлы. Ниязбенен екеуміз сонда барып, Естідік Сырлыбай мен Базарбайды. ...Жырладым мен дастанды қобыз алып, Отырды молда, ишан қалам алып. Түсірді он төрт молда өлеңімді, Бетіне ақ қағаздың өрнек салып...

Төлегеннің өлгенін біліп, Кескентеректі өз тобынан аластап, қуады. Кескентерек шежіреде де, ел аузындағы әңгімеде де, Сегіз сері шығарған «Қыз Жібек» дастанында Бекежанға келіп, паналаған қандыбалқар қарақшы екені, оның еш жерге сыймай жүргені айтылады. Туған нағашысы Жағалбайлы елінің мырзасы Әбусәғитты өлтіріп, оның кіші әйелін алып кетіп, ол әйелді қаңғытып, құмға тастап кеткені, туған қарындасы Қаламқасты Қарабала деген жігітке тұрмысқа шықпақ болғаны үшін азаптап өлтіргені айтылады.

Осы тұста «Сырлыбай би кім?» деп тарих тағылымның ұқпаған, көрпелі өзіне қарай тартқысы келетіндер шығуы бек мүмкін. Сондықтан болашақ ұрпақ үшін ол кісінің өнегелі өмір жолын, бүтін болмысын архив ақтарып, ойлы оқырманға таныстырғанды құп көріп отырмыз.

Сырлыбай би Жылқайдар батыр, Қыз Жібек сынды тұлғалардың әкесі ретінде көпке таным. Дегенмен Арал ауданы, Қызылжар елді мекенінің тұрғыны болған, ардагер ұстаз Сайлау Абабүкірұлының «Сырлыбай би және оның ұрпақтары» атты зерттеу мақаласында би бабаның тұлғалық сипаты анық көрсетілген. Оған қоса, «Қыз Жібек» дастаны туралы шындық та қою түнгі ай секілді ап-анық жазылған. Оған төменде толығырақ қайта тоқталамыз. Әуелі, Сырлыбай бидің өнегелі өмір жолына көз жүгіріп өтелік.

Тарихшы Бауыржан Бердіқожаұлының айтуынша, Сырлыбай би – Әбілқайыр ханның замандасы. Ол кісі, тіпті Ресейге қосылуға қарсы болған екен.

Ол тұрасында Тевкелевтің естелігі мен Анна Иоанновна жазған рапортында егжей-тегжейлі баяндалған. Арал өңірі қазақтарының мұндай табанды қарсылығы Ресей патшайымы Анна Иоанновнаның өзін алаңдатады. Оған орыс патшайымының Әбілқайырға жазған хаты дәлел болады.

Көрнекті тарихшы академик Манап Қозыбаев «Ресей елшісі М.Тевкелев пен Қазақстанның империяға қосылуын қолдаған Әбілқайырға қарсы Қыз Жібектің әкесі Сырлыбай би бастаған қозғалысты және сол қозғалыста бір ұрыста оққа ұшқан Байғараны «азаттық үшін күрестің алғашқы құрбандығы» деп атады.

Сырлыбай би туралы тағы бір дерек, 1748 жылы Әбілқайыр өлгеннен кейін кіші жүзге баласы Нұралыны хан сайлауға қатысқан. Сырлыбай би «Қыз Жібек» дастанында Жібектің әкесі ретінде де жырланады. Сырлыбай бидің ұрпақтары қазіргі таңда үлкен рулы елге айналып, көбі Арал ауданының Қызылжар ауылын мекендейді.

### «Қыз Жібек» дастанының тарихи шындығы

Бүгін сөздің тиегі ағытылды. Шындықтың ұшы шықты. Сондықтан темірді қызған кезінде соғып, жоғарыда айтуға уәде еткен «Қыз Жібек» дастанының түпнұсқасына қатысты шындықты жайып салғым келіп отыр. Оған қоса, «Қыз Жібек» дастанын баяндау барысында Сырлыбай бидің де дара болмысы ашылары айқын.

«Қыз Жібек» лиро-эпосының атына жабылған жала әлі күнге дейін айтылып келеді. Яғни қазақтың хас батыры Бекежан туралы негізсіз пікір. Тіпті сол «Қыз Жібек» туралы дастанның тарихын білетіміз де шамалы екенін мойындауымыз керек. Сондықтан осы олқылықтардың орнын толтыру үшін Сайлау Абабүкірұлының «Сырлыбай би және оның ұрпақтары» атты зерттеу мақаласын және Нұрбай Жүсіптің ой-толғамдарын негізге алып, сөз қозғамалық.

– Жібек сұлу – қазақ халқының топырағында жаның рақат таба сүйсіне тындап, қуанышына күліп, қайғысына ортақтасып отыратын небір жырлар мен дастандарды өмірге келтірген нағыз біртуар ару ғой. Сондай жырдың, рухани асыл қазыналардың бірі – қазақ әдебиеті тарихында ғашықтық жырлар қатарына жатқызылатын «Қыз Жібек» дастаны. Оны оқымаған, кинофильмін көрмеген қазақ баласы кемде-кем шығар?! Шын мәнінде, «Қыз Жібек» жырын оқып, кинофильмін көргеннен кейін, «Сырлыбай кім, Жібек кім?» деген сауалдарға жауап іздей отырып, оның түп-төркіні мен тарихына үңіліп көрмеппіз.

«Қыз Жібек» жырында Жібекті Сырлыбай ханның қызы дейді. Сырлыбай кім? Жібек кім? Бұл жөнінде белгілі жазушы Нәбиден Әбуғалиевтің «Сегіз сері» кітабы, Сейітқали Қарамендиннің «Қазақ әдебиеті» газетінде 1991 жылы 19 шілдеде «Бекежан да – бір арыс», Мұхамбетәлі Есмағанбетовтің «Қазақ әдебиеті» газетінде 1995 жылы 2 мамырда «Қыз Жібек оқиғасы қай жерде болған?», тағы да «Қазақ әдебиеті» газетінде 1996 жылы 9 шілдеде жарияланған «Сырлыбай кім болған?» атты танымдық үлкен мақалаларында Қыз Жібек туралы, «Қыз Жібек» дастаны туралы тарихи шындықты дәлелдейді, – дейді Сайлау Абабүкірұлы.

Қыз Жібек оқиғасы 1692-1694 жылдар шамасында Шалқардан оңтүстік-шығысқа қарай, 40 шақырым жерде Кіші Борсық етегіндегі Қособа көлінде болады. Базарбайдың мырзасы Төлегеннің осы Қособа көлінде қарақшының қолынан қаза болатыны бәрімізге таныс оқиға. Ал осы кезде Сырлыбай және оның туғандары мен ұрпақтарының қонысы Кіші Борсықта болған.

Тарихқа жүгінісек, кімнің қай жерде болғанын дәлелдейтін тарихи жер-су атаулары

мен сол жерлердегі тас обалар мен қорымдар емес пе? Оған Шалқар ауданының Ақтоғай ұжымдық кәсіпорнының көлеміндегі «Сырлыбай сайы» деген жер, Тебіренбес тауының батыс беткейіндегі Бокай сайындағы Сырлыбай баласы Жылқайдар батырдың бейіті, Шалқардан 40 шақырым шамасындағы Сырлыбайдың үшінші әйелі Мән әулиенің ұйыты, қазір құрғап, кеуіп қалған Жылқайдар көлі, Жылқайдар тепсеңі, Сырлыбайдың туған інісі Жамансарының бейіті дәлел бола алады. Айталып келгенде, осы аты аталған жерлер бас-аяғы 100-150 шақырым шамасында. Ол кездегі мал баққан шаруа үшін бұл онша қашық емес. Араға бір немесе екі қонып бара береді.

Енді «Қыз Жібек» жырын қашан және кім жазды? Жоғарыда есімдері аталған ағаларымыздың жазған зерттеулерінде «Қыз Жібек» дастанын Орта жүз Ашамайлы Керей Сегіз сері (Мұхаммедханафия) Бахрамулы Шақшақовтың (1818-1854 ж.ж.) жазғанын түбегейлі дәлелдейді. Сегіз сері Омбыдағы Сібір казак-орыс әскери училищесін 1834 жылы үздік бітіріп шығады.

Жазалаушы жасаққа басшы болып, казак жеріне барғысы келмегендігі үшін патша өкіметінің отаршыл әкімдері тарапынан қуғынға ұшырап, Кіші жүздегі түп нағашысы Байбақты Сырым батыр әулетін паналамақ болып, жанына құрдасы әрі ауылдасы Нияз серінің ертіп жолға

жылжар, аяқтап шығады. Бұл үзінділер жырдың бас жағындағы кіріспесі ғана. Сол күннен бастап «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек» дастандары қолдан-қолға, ауылдан-ауылға, елден-елге қолжазба арқылы тарап кетеді. Осы екі кисса он жеті жастағы ақын жігітті бірден үлкен ақын дәрежесіне көтереді.

– Сегіз сері «Қыз Жібек» дастанындағы басты кейіпкерлер Бекежан, Сансызбай батырлардың ұрпақтарымен де кездескен. Мысалы, ол Тайлақ мерген Бекежанұлының, Төсбатыр Сансызбайұлының ұрпақтарымен Жаманқала (Орск) маңында жолығып, олардан шежіре жазып алыпты.

«Қыз Жібек» жырын 1892 жылы Жүсіпбек қожа Шайқысламулы (1861-1941 ж.ж.) әнші қариялардан естіп, жазып алады да, киссаның кейбір тұстарын өзгертіп, қысқартып, орнына татаршалап, кара сөз қосып, кей тұстарын ертегіге айналдырып, Төлегенді өлтірген Кескентерек деген қожаның орнына қарақшы деп Бекежанды жазып, оның руын Арғын етіп көрсетіп, киссаны өзін шығардым деп, 1894 жылы Қазан қаласында бастырып шығарады. Қисса «Қыз Жібекті» Жүсіпбек қожа бұдан кейін де иеленіп, 1896, 1899, 1900 жылдары Қазан



каласында бірнеше рет бастырады. Оның ақын емес екенін кезінде Әбубәкір Кердері, Мөшһүр Жүсіп Көпеев, тағы басқа белгілі ақындар өз өлеңдерінде әшкерелеген, – дейді С.Абабүкірұлы қолжазбаларында.

Мәселен, Н.Наушабаев «Жүсіпбек қожаға» деген өлеңінде: ...Сен өзін сөз ұрлауды таста, қожа, Жастарды үлгі іске баста, қожа! Өліп қалған аруақтан жыр ұрламай, Адамшылық шарадан қашпа, қожа, – дейді. Жоғарыда Төлегенді Бекежан емес, Кескентерек деген қарақшы өлтірді дедік. Бекежан – тарихта болған адам. Туған жері – Алтын Темір таудың бөктері. 1825 жылға дейін бұл жерде Кіші жүз Әлімұлына жататын алты Шекті мекендеген. Бекежанның әкесі Айбек осы тұстағы Кіші жүз Әлімұлының әскер басы батыры болған. Бекежан да әскербасы сардар болыпты.

Бекежан Шекті, оның ішінде Бөлек, одан Қабақ руынан. Әйелі башқұрт халқының Естек жұртындағы Құрамы байдың қызы, аты – Салиха. Одан Байрақ, Қайрақ, Тайлақ және Нұрғұл есімді қыз туған. Екінші әйелі Зұлфия – түрікпен жұртының қызы. Бекежан қалмақтармен соғыста жараланып, кемтар болып, батырлықтан ерте қалған. Оның балалары Ақтабан шұбырындыда қол бастаған, ел бастаған. Өмірде Бекежан өз ажалынан о дүниелік болады.

Бекежан Қыз Жібекпен рулас болып келеді. Қазақ жеті атаға толмай қыз алыспағанын ескерсек, сол кезде Сырлыбай балаларымен жеті-сегіз аталыққа енді толып жатыр. Сондықтан Бекежанның жоғарыда айтып Салиха атты бірінші әйелі қайтыс болып, жетім қалған үш ұлын, бір қызын немере ағасына беріп, Зұлфия сұлуы алу үшін түрікпенге қалың қолмен аттанып кеткенде, Кескентерек соны пайдаланып, Төлегенді өз қарақшыларымен алдын тосып, Қособаның көлінде өлтіреді де, Төлегеннің мінген атын екі жыл жасырып бағып, Бекежанға тарту етпек болады. Көк жорға атты таныған Бекежан

Керей Қожаберген ақынның «Елім-ай» жырында Сансызбай мен Жібек сұлуың тұңғыш баласы Төсбатырға арналған өлең шумақтары оның батыр болғанын дәлелдейді.

...Жағалбайлы Төсбатыр, Қалмақтарға өш батыр. Сансызбайдың өзіндей, Көрсеткен жауға құш батыр. Үзкентте болған шайқаста, Қамал бұзған гүл батыр... М.Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер» институтының қолжазбалар мен тектология бөлімінде Сегіз сері жырланған «Қыз Жібек» дастанының түпнұсқасы сақтаулы. Небәрі он жеті жасында бүкіл қазаққа танымал болған Сегіз сері (Мұхаммедханафия) Бахрамулы Шақшақов сынды асыл ердің еңбегі әлі күнге дейін жарыққа шықпай жүргені өкінішті, тіпті ұят!

– Мен көнеқоз қариялардан естіген, білгендерімді және жоғарыда есімдері аталған Н.Әбуғалиев, С.Қарамендин, М.Есмағанбетов сынды ағаларымыздың жазған зерттеулерінің деректерін пайдалана отырып, сіздерге, жалпы Сырлыбай ұрпақтары мен «Қыз Жібек» дастаны туралы толығырақ таныстырғанды Сырлыбай бидің ұрпағы ретінде өзіме парыз санадым. Қазір Сырлыбай би ұрпақтары екі жарым мыңнан асып жығылады. Тәуелсіз еліміздің түкпір-түкпірінде өз несібелерін теріп жүр. Олардың көпшілігі Арал, Қазалы өңірінде, соның ішінде көбі Қызылжар ауылында тұрып жатыр. Сырлыбай ұрпақтары Қызылжар ауылын өздерінің ата қонысы санайды, – дейді Нұрбай Жүсіп.

2006 жылы Сайлау Абабүкірұлы бастаған Сырлыбай ұрпақтары Қызылжар ауылының оңтүстік бетіндегі Төбелен ұлы бабасына кесене тұрғызып, Құран бағыштап, ас берді. Сырлыбай бидің мыңға тарта ұл-қыздары, жиендері бас қосып, миллиондаған қаржы жинап, осы кесенені салуға көмегін көрсетті. Төбелен төредей көрінген еселі ескерткіш бұғінде Қызылжар ауылына ерекше оң беріп тұр.



«Еріктілер кеңесі» – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті жанындағы консультативтік кеңесші орган.



«Еріктілер кеңесі» консультативтік-кеңесші органы қызметінің негізгі бағыты – азаматтарды, әсіресе жастар, студенттер мен оқушыларды, мемлекеттік қызметшілерді еріктілер қызметіне қатысуға шақыру, мемлекеттік қызметшілер арасында еріктілер қозғалысын кеңінен насихаттау, оларға белсенді өмірлік ұстаным дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар, өз еркімен көшелерді қоғаландыруға, табиғат орындарын тазартуға, қан донорлығына және басқа да игі шараларға азаматтардың белсенді қатысуын ұйымдастыру.

## ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫН КЕҢІНЕН НАСИХАТТАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Еріктілер кеңесі қызметін жүзеге асыру бағытында жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес біршама ауқымды жұмыс жүргізілді.

Мәселен, еріктілердің жұмыс нәтижелерін талқылау, проблемалық сәттер мен мәселелерді болдырмау, тиімді жұмыс істеу мүмкіндіктерін одан әрі жетілдіру және еріктілер жұмысындағы оң тәжірибелер бойынша пікір алмасу мақсатында осы жылдың 17 мамырында Жанакорған ауданында облыс еріктілері арасында кездесу өткізілді.

Шараға игі істерімен өз үлесін қосып жүрген азаматтар, волонтерлік клубтар мен қоғамдық ұйым өкілдері, сондай-ақ департамент жанынан құрылған «Еріктілер кеңесі» консультативтік-кеңесші органының мүшесі, департамент өкілі С.Жұмаев қатысып, еріктілердің қоғамдағы аса маңызды ролін, мемлекеттік органдардың волонтерлік ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс жасау қажеттілігін және игі істермен айналысуға ниет білдіруші мемлекеттік қызметшілердің үлесі күннен күнге артып келетінін атап өтті. Сондай-ақ, шара барысында қатысушылар оң тәжірибелерімен алмасып, кеңестің жұмысын жақсарту және оның алдына қойылған міндеттер мен мақсаттарды іске асырудағы тиімді шараларды нақтылау жөнінде ұсыныс-пікірлерімен бөлісті.

Айтпақту керек, елімізде еріктілердің қызметі айтарлықтай дамуда. Бүгінде қайырымдылық іспен айналысып, қоғамның дамуына өз септігін тигізіп жүрген азаматтардың үлесі артқанын байқауға болады. Еріктілер – бұл өз ынтасымен азаматтық қоғамның игілігі үшін әрекет ететін, білімін, уақыты мен күшін материалдық сыйақы алуға немесе ақы төленетін жұмысқа емес, бірлескен әлеуметтік күш үшін арнайтын адамдар.

Оған дәлел – департаменттің ұйымдастыруымен Шиелі аудандық көпбейінді орталық ауруханасының ғимаратында тапсыр – өмір сыйла! акциясы.

Акцияның мақсаты – донорлық қанға мұқтаж жандарға көмектесу. Шараға департаменттің, Шиелі ауданы әкімі аппаратының, аудандық дербес бөлімдердің, ауылдық мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер арасында құрылған «Еріктілер кеңесінің» мүшелері қатысып, қан қорын көбейтудегі игі бастамаға өз үлесін қосты.

Өзгелерге өмір сүруге мүмкіндік беретін жақсылық жасау жолында донор болуға ниеттілер толықтай медициналық тексеру мен дәрігердің ұсынысы бойынша алдын ала дайындықтардан өткізіліп, өзге азаматтарды осындай игі іс шараларға белсенді қатысуға шақырды.

Осы тектес іс-шара Қызылорда облыстық қан орталығында да өткізілді. «Қан тапсыр – өмір сыйла!» акциясына Қызылорда облысы әкімі аппаратының, Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының және оған қарасты мекемелердің қызметкерлері қатысты.

Еріктілер кеңесінің қызметі басқа азаматтарға үлгі болып, ұлттық қалыптастыруға жол ашатындығына сенім білдіре отырып, игі істер әлі де болса жалғасын тапса екен демекпіз.

**Т.НУРТАЕВ,**

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасы

Ел тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі. Ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан егемен бола алмайды, болуы мүмкін емес. Қазақ тілінің тағдыры үшін күрес кейінгі жүз жылда бірде-бір рет толас тапқан жоқ. Ұлы Абайдың заманын айтпағанда, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұнов бастаған тұлғалар тіл мәселесіне ерекше мән беріп, оның шексіз байлығын, суреткерлік қуатын, бейнелілігі мен саздылығын көркемдік сапа деңгейіне жеткізді.



## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

Бүгінде мемлекеттік тілді білу мемлекеттік қызметкерлердің ең басты біліктілік талабына айнала бастады. Қазір мұндай талап қойылатын лауазым саны күн өткен сайын артып келеді. Біз – өзі намысшыл халықпыз. Тіл білетін қазақ – намысшыл. Тіл білмейтін қазақ одан да намысшыл. Оларды өзге тілді білмедің деп шетке итермеу керек. Қайта бауырға тарту қажет. Бізге көп тіл білгеннің артықтығы жоқ. Алдағы уақытта Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіргелі отырмыз. Осы ретте бізге қазақ, орыс, ағылшын, тіпті қытай тілін де мықтап меңгеріп алу керек.

Домбыраны шерткендей, мықты мамандарды да мемлекет ісіне таңдап аларда талап қойып, олардың бірнеше тілді еркін меңгергеніне артықшылық берілуі тиіс. Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан тіл мәселесі аса күрделі мәселе болып отыр. Тіл мәселесінің өте нәзік екені, оның зорлықпен емес тек қана шынайы ынтымақпен ғана үйренуге болатыны белгілі.

Ал тіл – тарих тереңіне бойлатып, өнер мен мәдениеттің қазына бұлағына сусындағанын рухани әлеміміздің сарқылмас қазынасы. Олай болса, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қолданылу аясын кеңейте түсу қажеттігі – заңды құбылыс.

«Тіл туралы» Заңның 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Үкімет, өзге де мемлекеттік жергілікті, өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техни-

калық жағдайларды жасауға міндетті» делінген.

Тіл – халықтың алтын дінгері. Өзін-өзі білетін әр халық алдымен өзінің туған тілін сыйлап, мақтан тұтып, басқа ұлттарға насихаттауы керек. Өйткені, халықтың даналығы, жырлары, шежірелері сол халықтың тілінде жазылады. Тіл – қай ұлтта болмасын қастерлі, құдіретті ұғым. Ол әр адамның бойына ана сүтімен дарып, қалыптасады. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін құндылық – ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, ең бай тілге жатады. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. «Ана тілі – халық болып жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі».

Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол қазақ тілі. Бүгінгі күні тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген азамат оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды.

Көзі қарақты, оқыған-тоқығаны мол, өзінің ғана емес, өзге ұлттың да қайғы-қасіретін ұғынатын рухы биік әрбір азамат «қазақ тілінің тағдыры – қазақ халқының тағдыры» екенін терең түсінуі керек. Жүзі басқа болса да, жүрегі бір, тілі басқа болса да тілегі бір дегендей, қазақ еліміздің болашағы – қазақ тілінде деп, мемлекетіміздің келешегі жайлы терең ойлап, мәртебесін көкке көтеруге ұмтылуымыз қажет.

**Көркем МҰХАНБЕТҚАЛИ,**  
Қызылорда қалалық сотының жетекші маманы

## «СОТ КАНИКУЛЫ» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ



Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында сот жүйесі әділдікті барынша объективті, ашық және жария түрде жүзеге асырады. Сондықтан сот жүйесіндегі іргелі жобалар мен жаңа бастамалар іске асуда.

Сондай жаңашылдықтардың бірі ретінде «сот демалыстары» жобасын атап өтуге болады. Бұл – 2019 жылдан бастап сот ісін жүргізуге біртіндеп енгізіліп келе жатқан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының іргелі жобаларының бірегейі. Аталған жобаны алғашқылардың бірі болып Қостанай облысының соттары жүзеге асырды.

Тәжірибе көрсеткендей, бұл бастама жазғы демалыс кезінде соттың жұмысын ұйымдастыруға өте ұтымды саналады. Жоспарға сай, аталған жоба биыл еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі соттарда жүзеге асырылады.

Қолданылу қағидатына сәйкес, судьялар мен сот қызметкерлері белгілі бір мерзімде бір уақытта демалысқа шығады. Олар болмаған кезде талап қоюларды қабылдау және бөлу, шұғыл іс жүргізу әрекеттерін қабылдау, талап қоюларды қайтарумен кезекші судьялар айналысатын болады. Сонымен қатар, олар сот орындаушыларының әрекеттеріне санкция беріп, жаңадан келіп түскен талаптарды бөледі. Демалыстан оралғаннан кейін судьялар мен сот қызметкерлері істерді әдеттегідей қарауды жалғастырады.

Мұндай жұмыс жүйесі азаматтарға өте ыңғайлы. Себебі олар сот демалысының мерзімін алдын ала біле отырып, жазғы уақытта сотқа жүгіну мерзімін жоспарлай алады.

Республиканың әрбір азаматына мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды және өзге де адамдардың Конституцияда және елдің заңында көзделген құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен әрекеттерінен сот арқылы қорғалуына кепілдік беріледі.

Сондықтан, сот жүйесіндегі мұндай іргелі жобалар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

**Е.ШЕКЕРБЕКОВ,**  
Қызылорда қалалық сотының судьясы

## ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

Бүгінде бала тәрбиесі – күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі. Себебі ұрпақ – ел ергені, жарқын болашақтың көшбасшысы. Саналы перзент тәрбиелеу қай заманда болмасын қоғам алдындағы басты міндет. Бұл орайда бала тәрбиесі мектеп пен отбасы тарапынан екі жақты

Бала тәрбиесі – күрделі әрі жауапты міндет. Баланың алғашқы тәрбиешісі де, ұстазы мен сырласы да оның ата-анасы. Ал отбасы – баланың қалыптасуындағы алғашқы және маңызды институт. Сондықтан, ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі өте маңызды. Ата-ананың мейірі мен махаббаты баланың жан-дүниесінің қалыптасуына үлкен әсер етеді. Ал бұл кезекте олардың арасындағы қарым-қатынастың рөлі зор. Баланың сенуі, ашық сөйлесіп, пікірін, ойын білдіруі бала үшін өте маңызды. Мұндай ашық қарым-қатынас ата-ана мен баланың арасындағы байланысты нығайтып, баланың өзіне сенімді болуына көмектеседі. Эмоциялық қолдау баланың психологиялық тұрғыдан сау болып өсуіне ықпал етеді.

Ата-ана баланың білім алуына ерекше көңіл бөлуі керек. Баланың мектептегі

жетістіктері мен оқудағы қиындықтарына назар аударып, оған қолдау көрсету маңызды. Оқу процесінде көмектесу, оның жетістіктерін мадақтау және қателіктерін түсіндіру арқылы ата-ана баланың білімге деген қызығушылығын арттырады.

Ата-ана баланың моральдық және құндылық негіздерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Адалдық, мейірімділік, жауапкершілік, сыйластық сияқты құндылықтарды балаға үйрету ата-ананың міндеті. Бұл баланың болашақта дұрыс шешім қабылдап, қоғамда лайықты орнын табуына көмектеседі.

Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі өте маңызды. Ата-ана – баланың алғашқы ұстазы, тәрбиешісі және қорғаушысы. Балаға дұрыс тәрбие беру – ата-ананың жауапты міндеті. Осы міндетті орындау арқылы ата-ана ұрпағының болашағына зор үлес қосады. Баланың жан-жақты дамып, қоғамда лайықты орын табуы үшін ата-ана барлық күш-жігерін салуы тиіс.

**Жұлдыз ҒИМОВА,**  
№178 орта мектептің бейінді оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары



# ОЛИМПИАДА – 2024: ТАРТЫСҚА ТОЛЫ ДУБІРЛІ ДОДА

## ҚАЗАҚСТАН ДЗЮДОСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АЛТЫН

Париждегі аламан додада жерлесіміз Елдос Сметов қазақ тарихында дзюдодан алғаш алтын медаль еншілегенде қуанбаған қазақ жоқ шығар?! Ол 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, өзге спортшылардан оқ бойы озып шықты. Финалда француздық Лука Мхейлжомен белдескен Елдос қарсыласынан басым түсіп, мықтылығын таныта білді. Ер кезегі үшке дейін демекші, Елдос бұған дейін алғашқы үштік қатарынан табылса да, бірінші болып көріне алмаған еді. Оның осыған дейінгі Олимпиада ойындарынан күміс және қола медалі бар.

Париждегі көк туымызды желбіретіп, көзіне жас ала қазақ елінің әнұранын шырақтан Елдос күллі қазақ халқының жүрегінде патриоттық сезімді оята білді.

Бүгінде Елдос Сметов өзге әріптестерімен бірге Отанға оралып, халқының ілтипатына бөленуде.

Алғашқы медальді иеленгендер қатарында Нариман Құрбанов та бар. Ол Олимпиада ойындарына бірінші рет қатысса да, нәтижелі өнер көрсетті. Нариманның «күмісі» Қазақстан тарихында гимнастикалық ат спорты түрінен ең алғашқы медаль болып саналады.

– Бұл – қазақ халқы үшін көптен күткен жұлде. Бала кезімде Олимпиадаға қатысуды армандамадым, нақтырақ айтсам, 18 жасымға дейін бұл туралы ойламаппын. Олимпиада ойындарына қатысып, жұлде үшін күресуге болатынын түсінген кезде барып, мақсат қойдым.

Бағытымды жоспарлы түрде бастадым. Мен бұл жұлдені біздің елде қалай қарсы алатынын, қанша эмоция тудыратынын білемін. Қазір бұл медальді ұстағаннан гөрі, елге сыйлай алған қуанышымнан бақыт сеземін, – деді жерлесіміз.

Желіде спортшыны құттықтаған жанкүйерлер бұл «күміс» биылғы додада күтпеген жеңіс екендігін жарыса жазуда.

Ғұсман Қырғызбаевтың да қазақ еліне дзюдодан «қола» медаль сыйлағанын айта кетейік. Ол биыл Олимпиада ойындарына соңғы рет қатысқанын мәлімдеді. 60 келі салмақта сегіз жыл өнер көрсеткен оған медаль алу бақыты бұйырмай келген еді. Десе де 66 келі салмақ дәрежесінде белдесіп, ел қоржынын «қоламен» толықтырды. Женісін қазақ еліне арнап, күні кеше Елдоспен бірге Қазақстанға оралды.

## ЖЕҢІСТІҢ ЖЕТІ АТАСЫ БАР, ЖЕҢІЛІС ҚАШАН ДА ЖЕТІМ

Бақ пен бап қатар шабады. Қазақстаннан Парижде 80 спортшы 25 спорт түрінен бақ сынауға аттанған болатын. Ал Қызылордадан жазғы ойындарға 4 спортшы қатысты.

Байрақты додада сәтсіздікке ұшырап, жеңіліс тапқан жерлестеріміз де бар. Көңілімізде кірбің болса да, спортшылардың сағы сынбай, елге аман оралуы маңызды. Өздеріңізге белгілі, теннистен ұлттық құрам бірде бір медаль ұта алмады. Кейбір теннисшілер аламан дода басталуға сәл қалғанда денсаулығына байланысты қатысудан бас тартып, үкілеген үміт үзілді.

Былғары қолғап шеберлерінен құралған Қазақстан құрамасы да биыл топ жара алмады. Бокстан ұлттық құрамның капитаны Асланбек Шымбергенов өзінің алғашқы жұдырықтасуында жеңіліс тапты. Бүгінде шаршы алаңда 10 боксшыдан ерлер арасында тек Нұрбек Оралбай (80 келі) мен әйелдер арасында Назым Қызыбай (50 келі) ғана қалған еді. Назым қытайлық спортшыдан басым түсе алмады. Десе де Олимпиада ойындарының қола медалін еншіледі. Ал «өзге боксшылардың кездесуі сәтсіз аяқталса да, кей белдесулер әділ шешім таппады» дейді қазақстандық көрермен қауым. Осы орайда Ұлттық олимпиада комитеті Мұхаммедсабыр Базарбайұлының жекпе-жегіне байланысты апелляцияға беріп, төреліктің әділ болуын талап етті.

«Біткен іске сыншы көп» демекші, қазір бірдеңе деп топшылау әбестік болар. Сол себепті саңлақтарға сәттілік пен төрешілердің әділ шешім шығаруын тілегеніміз абзал.

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ДОМАЛАҚ ҚЫЗЫ

Бұл сөздер Олимпиада ойындарында 3000 метрге кедергілер арқылы жүгіруде ел намысын қорғап, финалға дейін жолдама алған Нора Джеруто туралы. Ол іріктеуден 4-ші орын алып, өзінің маусымдағы ең үздік нәтижесіне қол жеткізді. «Финалда барымды саламын» деген еді. Алайда мөре сызығын 9-шы болып кескен Нора жарысты жұлдемен аяқтай алмады. Айта кетейік, Нора осы қашықтықта 2022 жылы Қазақстанның қорына жеңіл атлетикадан алғашқы алтынды сыйлаған болатын.

## ОЛИМПИАДА ОЛҚЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Биылғы жазғы ойындар түрлі есте қаларлық оқиғаға толы болды. Париждегі Олимпиаданың ашылу салтанаты да өзгеше болған секілді. Көптеген интернет қолданушының назарына тудырған ашылу салтанатында өнер көрсеткендер арасында ЛГБТ өкілдері Атап болды.



айтқанда, «сақалды» әйел сахнада билеп, олимпиадалық алауды ауыстыру процесіне ЛГБТ өкілі қатысты. Фестиваль сегментінде Леонардо да Винчидің «Соңғы кешкі ас» қойылымы бейнеленіп, бұл көрініс көптеген католик және басқа да христиан дінін ұстанатын жандардың шамына тиді. Тіпті АҚШ президентіне кандидат Дональд Трамп та Франциядағы ОО-ның ашылу салтанатын өрескел әрекеттерге толы деп сынады. Одан бөлек, ашылу салтанатында қатысушы мемлекеттерді таныстыру сәтінде Корея мемлекетінің құрамасын

КХДР деп бұрыс жазып, елеулі кате жіберді. Кейіннен Франция бұл ағаттық үшін кешірім сұрады.

Әрине, бұл әлемдік спорт болғаннан кейін келенсіздіктердің болуы мүмкін еді. Мәселен, итальяндық боксшы Анджела Карини жынысын ауыстырған ирандық Иман Хелиф есімді ер адаммен жұдырықтасты деген қауесет тараған болатын. Алайда бұл ақпарат жалған болып шықты. Иманның әжесі қызының кішкентай кезіндегі суреттерін жариялап, жалған ақпаратқа тосқауыл қойды.

Басында көпшілік сынға алған алжирлік боксшы қыздың бүгінде қолдаушылары көбейіп, жалған ақпаратқа сенгендері үшін кешірім сұрауда. Десе де тайваньдық боксшы Линь Юйтинға қатысты дау басылмады. Өзбекстандық Ситора Турдубековамен жұдырықтасуда жеңіске жеткен Линь Юйтин көптеген жанкүйердің наразылығын тудырды. Желіде «шынына келгенде ер адам әйелмен бір рингте белдесіп жатыр ғой, бұл әділетсіз» деген секілді пікір білдіруде. Әйтсе де оны қолдайтын жандар да бар.

Сена өзенінің ластануы. Бұл да Париждағы Олимпиаданың сапалы өтуіне кедергі туғызып отырған жағдайлардың бірі. Әлеуметтік желіде триатлоннан сайысқа түскен спортшылардың лай судан зардап шеккендігін дәлелдейтін бірнеше бейнекадр жарияланды. Бүгінде ішек инфекциясының кесірінен Бельгия құрамасының 3 спортшысы триатлоннан шет қалды.

2024 жылғы Париж Олимпиадасында жүкті әйелдер де өнер көрсетті. Солардың бірі Әзірбайжан құрамасының спортшысы Яйлагул Рамазанова жүктілігінің жетінші айында садақ атудан сайысқа қатысты. Садақшы жүкті болғанына қарамастан үздік өнер көрсетіп, қалың көрерменнің ықыласына ие болды. Сондай-ақ жүктілер қатарында мысырлық Нада Хафез де бар. Ол семсерлесуден бақ сынап, бір айналымнан өте алды.

Тарихи сәттердің бірі ретінде Корея құрамасы мен КХДР-дың бірлесіп түскен суретін атасақ болады. Женіс тұғырынан көріне білген корейліктер екі елдің дауына қарамастан батыл қадам жасап, бірге суретке түсті. Қытай құрамасы да жағымды жаңалыққа кенелді. Хуан Яцион есімді спортшы бадминтоннан «алтын» медальді еншілеп, сәлден соң өз әріптесінен үйленуге ұсыныс алды. Бұл да бір Олимпиаданың жарқын естелігі болып қалатыны сөзсіз. Ал сізге Париждегі Олимпиада ойындары ұнады ма?



PARIS 2024



## ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН:

# «МЕН – ҚАЗАҚПЫН!»

«Менің әкем – орыс, ал анам – кәріс ұлтының азаматы. Ал мен – қазақпын!» Бұл – әлемді мойындата білген, қазақ тарихындағы үздік былғары қолғап шебері Геннадий Головкиннің сөзі. Өмірде де, спортта да джентльмен атанып, қазақ спортына серпін әкелген кәсіпқой боксшы GGG туралы не білеміз?



Triple G, GGG лақап атымен танылған Геннадий Қарағандының тумасы, әкесі шахтер болған. Бірі білсе, бірі білмес, боксшының екі ағасы және егізі бар. Әскерге аттанған ағалары белгісіз жағдайда қаза тапқан... Генаның сыңары Максим 15 минут ерте туған. Тете өскен екі жігіт бұл спортқа бірге аяқ басады. Олар небәрі 8 жасқа толғанда үлкен ағалары боксқа баулыған. Болашақ чемпион осылайша спорттағы алғашқы қадамын жасады. Геннадий жастайынан жігерлі болған. Қарсыласынан ұтылса, бұл жеңіліс оны қайрап, көбірек жаттығуға, шыңдалуға жетелеген.

Максим Геннадийдің екінші бапкері болған деседі. Ағайындылар ешқашан бір рингте жұдырықтаспаған. Егер бір-бірімен белдесуге тура келсе, жарыстан егіздердің бірін шығарып тастайтын. Осы себеппен 2004 жылы өткен Олимпиаданың іріктеу кезеңінен кейін Максим бокстағы мансабына нүкте қойды. Кейінгі мәліметтер бойынша Максим Геннадийдің тренерлік құрамында ұйымдастырушылық қызметпен айналысады.

Бүгінде Геннадий жұбайы Алина Головкинамен бірге 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр. Алина көпшілік алдына шығуды

ұната бермейтін көрінеді, сондай-ақ ешқашан жарының белдесулерін көрмейді екен.

Әуесқой боксшы сапында 350 рет жекпе-жекке түскен Гена 345-інде жеңіске жеткен. Оған қоса, Геннадий ешқашан бұл белдесулердің ешбірінде нокаутпен құламаған. Әуесқой бокстағы мансабы ұзақ әрі қызыққа толы болған боксшы 2006 жылы кәсіпқой бокстағы мансабын бастады. 45 рет рингке шыққан ол, бар болғаны екі рет жеңіліс тапқан. 43 рет жеңіп, оның 37-сін нокаутпен тәмамдап, тек 1 кездесуде қарсыласымен тең түскен.

Шаршы алаңда оппонент пен көрерменнің есінде Геннадий өзінің асқан сабырлығы, байсалдылығымен ерекшеленеді. Тіпті оған жұдырықтасуға қолқа салып, артынан мысқылдап, жер-жебіріне жеткен бір қарсыласына «көреміз» деп қана салқынданды жауап қатқан. Сөзбен емес, іспен дәлелдеуді ұйғарған Геннадий бұл сынды өз пайдасына шешті. Чемпион Генаның мықтылығына бас иген жан көп. Спортшысын Генандың жойқын соққыларынан құтқармақ болып, ақ жалауын ала шыққандар да болған. Осындай «азулы» әрекеттерінің арқасында ол қазақ елінің мақтанышына айналды. Көптеген боксшының үлгі тұтар тұлғасы екендігіне күмән жоқ.

Геннадий – кез келген мықтының мысын басытын мінезді спортшы. Әрине, бүгінде жасы 40-тан асса да, өз бабын жоғалтпады. «Геннадийді ешбір қарсылас жеңе алмады, оны жеңген тек жасы» деген пікірлер легі жанкүйерлер арасында толассыз. Ең соңғы жұдырықтасуы сәтсіз болған Геннадиді енді шаршы алаңнан қайта көрмейміз деп топшылап

едік. Десек те Геннадий Головкин бокстан біржола кетпегендігін «Mayan Tiger Sports Journalist» YouTube арнасында мәлімдеді.

– Мансабымды аяқтаған жоқпын. Мен бұл туралы ешқашан айтқан емеспін. Мұндай мәлімдеме жасау менің болмысыма жат әрекет. Мен үшін өмір бір-ақ сәт. Сондықтан егер мүмкіндік туса немесе қандай да бір оқиға орын алса, Геннадий Головкинді рингте қайта көре аласыз, – деді былғары қолғап шебері.

Спорт мансабында жеткен жетістіктеріне тоқталып өтсек. Ол 7 дүркін Қазақстан Республикасының чемпионы, 2003 жылы әлем чемпионы және 2004 жылғы Олимпиада ойындарының күміс жұлдегері, 2002 жылғы Азия ойындарының чемпионы, орта салмақтағы IBO және IBF нұсқасы бойынша екі дүркін әлем чемпионы. Қазақстанның «Құрмет», «Парасат» орденімен марапатталған.

Бүгінде Геннадий Головкин Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитетінің басшысы. Парижде өтіп жатқан Олимпиадаға қазақ спортшыларын қолдау үшін арнайы барған болатын. Елдің намысын қорғауға аттанған саңлақтарға ағалығын танытып, оларды жігерлендіруде. Халық арасында «бүгінгі қазақ спорты жемқорлықтың құрбанына айналды» деген пікір бар. Елдегі спорт саласын нығайтуды қолға алған ол жемқорлықпен күресетінін, оны жою жолында кез келген шараны қолданатынын жеткізді.

Геннадий секілді спортшы мыңнан бір кездеседі. Ол спорт мансабында елдің көк туын көкте желбіретіп, абыройын асқақтата білді. «Барлық жеңісімді еліме арнаймын, халқыма және президентіме» деген Геннадийдің шынайы ниеті елін әрқашан мақтан тұтатынына дәлел болатындай. Толағай табысқа жеткен Гена қазақ боксының тарихында мәңгі қалатыны сөзсіз. Десек те шаршы алаңдағы GGG-дің хикаясы әлі бітпеді...

Бетті дайындаған  
Қорлан САРЫ

Екі күндік шара тамыз айының алғашқы күнінде «Қазақтың Ақбаяны» атты I республикалық әншілер конкурсынан бастау алды. Конкурста еліміздің түкпір-түкпірінен «ертеден салсаң – кешке озған, ылдидан салсаң – төске озған» кіл талантты жастар қатысып, Сыр елінің аспанында әсем әнін әуелетті. Сайысты облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова ашып, барша қатысушыға сәттілік тіледі.

– Қазақтың жезтаңдай әншісі, сыбызғыдай сызылған ерекше үнінің иесі Мәдина апамыздың 70 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған республикалық конкурс алғаш рет өзінің туған жерінде өткізіліп отыр. Осы іс-шараның ұйымдастырылуына мұрындық болған аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының өздеріңізге деген ықыласын қабыл алыңыздар! Арнайы келген қонақтарға алғысымызды білдіреміз. «Бұлақ көрсен көзін аш» дейді дана халқымыз. Үлкен өнер сапарына мөлдір бұлақтай қадам басып жатқан талапкерлерге бұл конкурс жемісті, нәтижелі баспалдақ болады деген үміттеміз, – деді Мира Жомартқызы.

Конкурс шарттары бойынша 18-35 жас аралығында 15 талапкер бақ сынап, нәтижесінде жүлделі III орынды Дариға Сатарова (Астана қаласы), Қарақат Базарбай (Қызылорда облысы) еншілесі, II орынға Дулат Жасұзақ (Жамбыл облысы) және I орынға Мәдина Қабдолла (Павлодар облысы) лайық деп танылды. Ал дүбірлі доданың бас жүлдесін Асыл Жомартов (Түркістан облысы) жеңіп алды. Күміс көмей, жез таңдай жеңімпаздар мен марапат иелеріне қаржылай сыйлықтар табысталды.

Сондай-ақ, Қазалы ауданы әкімінің арнайы жүлдесі – «Туған жер» номинациясы әншінің жерлесі Рахымжан Мақсатбаева (Қазалы ауданы) табыстала, «Ақбаян» номинациясын Айбек Абдышымұлы (Ұлытау облысы) иеленді.

Конкурсант кейін Мәдина апамыздың ұлы Арсен, немересі Әлішер мен сайыс қатысушылары әншінің атындағы мәдениет үйіне ат басын тіреді. «Ақниет» әжелер ансамблі әнші репертуарындағы «Қазақтың дастарханы» әнімен құшақ жая қарсы алып, қонақтарға орталықтағы «Ақ баян» бөлмесі

## ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАЯНЫ

«Сағындым сағым уақыт» деп әуелете ән сала жүріп, қапияда мәңгілік сағынышқа айналып кете барған Мәдина апамыз жайлы жан толқытар естеліктер елдің жалынан ешқашан өшпек емес. Қазақтың қаласы мен даласын әнге бөлеп, сан мыңдаған жүректі сұлу сазды үнімен тербеген Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, әнші Мәдина Ералиеваға быыл 70 жыл. Осыған орай Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында ауыз толтырып айтар ауқымды шара өтті.



таныстырылды. Әншінің қолданған бұйымдары, әшекейлері мен сахналық киімдері көздің жауын алады. Сонымен қатар әнші құрметіне дайындалған «Кәусар бұлақтай сұлу үн» атты кітап көрмесі ел назарына ұсынылды.

Әрі қарай облыстық музейге бағыт алған көш Сыр өңірінің сан ғасырлық тарихымен сусындап, Мәдина апамызға арналған экспозициялық бұрышты тамашалады. Сондай-ақ, әншінің баласы Арсен анасының естелік қадесыйын музей қорына аманаттады. Іс-шара бағдарламасы аясында конкурс

талапкерлері қаламыздың көрікті орындарын аралады. Отбасы орталығына да арнайы ат басын бұрып, жұмысымен танысты.

Қос күнге ұласқан шара «Ән өнерінің аққуы» атты еске алу кешімен қорытындыланды. Кеш барысында әнші туралы естен кетпес ең ыстық естеліктер айтылып, шығармашылығы насихатталды. Мәдина Ералиеваның ұлы Арсен Ералиевке құрмет көрсетіліп, әншінің студенттік шағының куәгері Заруха Әлімбетова сөз сөйледі.

Сондай-ақ, кеш қонақтары ҚР еңбек сіңірген

қайраткерлері Жәніс Ысқақова, Жұбанш Жексенұлы, Елена Әбдіхалықова, ҚР еңбек сіңірген әртістері Күлән Қалымбетова мен Бақтияр Тайлақбаев, Мәдениет саласының үздігі Ақмарал Ноғайбаева және алғаш рет өткізіліп отырған «Қазақтың Ақбаяны» атты I республикалық әншілер конкурсының жеңімпаздары өнер көрсетіп, Сыр халқының ыстық ықыласына бөленді.

Аружан ОРАЛБАЙ

### Кенес



### ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН

## ТОП 3

### ҚОСЫМША

Бүгінде білім алу, өзін-өзі дамыту бұрынғыдан да жеңіл әрі қолжетімді. Басты себеп – ақпараттық технологияның туындыларын оңтайлы қолданатын заманауи қоғамның қалыптасуы.

Осы орайда жастардың дамуына септігін тигізетін үздік үш қосымшаны қарастыруды жөн көрдік. Бұл қосымшалар әрбір жастың «қолында» болуы тиіс қажетті құрал.

Тіл үйрену заман талабына айналды. Ал бұл кезекте әлемдегі танымал қосымша Duolingo көмекке келеді. Ол арқылы интерактивті ойындардың көмегімен испан, француз, неміс, итальян, жапон тілдерін оңай меңгере аласыз.

Жеке немесе топтық жұмыс ұйымдастыру қажет болса, смартфон-ыңызға Notion бағдарламасын жүктеп алғаныңыз абзал. Бір қосымшада жазба жазу, тапсырма құрау, жобаларды басқару секілді бірнеше функционалдық қызмет қарастырылған. Ақысыз қолдану мүмкіндігімен қатар интерфейсін жеке қажеттіліктерге бейімдеуге болады.

Ұйқы сапасын жақсартып, мазасыздықты жою үшін жастар арасында Headspace танымал. Ол – медитацияға арналған қосымша. Онда медитацияның негіздерін үйрететін бағдарламалар мен тыныс алу жаттығуларының жинағы бар.

«АЖ» ақпарат

## Сау болудың

# АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ



Таңғы ас – адам денсаулығының алтын қазығы. Бұл уақыттағы ас денеге күш-қуат, ақылға азық береді. Қазақ «таңғы асты тастама, кешкі асқа қарама» деп бекер айтпаған. Тіршіліктің тірлігі дөңгелесін десек, ертеңгілік асты дұрыс ішуді әдетке айналдыру қажет. Себебі ол күндізгі белсенділікке ғана емес, жалпы денсаулықтың нығаюына жақсы әсер етеді.

Америкалық ғалымдар таңғы ас қатерлі ісік пен жүрек ауруларынан мезгілсіз өлу қаупін төмендететінін айтады. Ол ағзаны зиянды заттардан тазартып, иммундық жүйені күшейтеді. Сондай-ақ, миға қажетті глюкозаның деңгейін арттырады. Ал бұл есте сақтауды жақсартып, зейінді күшейтеді. Өйткені глюкоза мидың жұмыс қабілетіне тікелей ықпал етеді.

Бұл орайда астың құнары мен сапасына да көңіл аударған жөн. Мәселен, «таңғы уақытта сұлы ботқасын тұтыған дұрыс» дейді мамандар. Ол – пайдалы, қарапайым әрі табиғи тағамдардың бірі. Бұдан бөлек дәрумендерге бай және асқазанға жеңіл келеді, ал ботқадан кейін адам ұзақ уақыт тоқ жүреді. Сонымен қатар, жеміс-жидектерде ағзаға қажетті минералдар көп. Дененің жалпы жағдайын жақсарту үшін мезгірге антиоксиданттарға бай жаңғақ пен көкөністерді қосу маңызды. Осындай тағамдарды дұрыс үйлестіріп, таңғы ас мезірін құрастыру ағзаның жұмысын жақсартады. Ұйқыдан оянған сәтте I стакан су ішуді де ұмытпаңыз.

Егер цитрустық жемістерді ұнатсаңыз, таңғы асқа қоспағаныңыз абзал. Себебі цитрус аллергия тудырады және асқазанға да кері әсері бар. Мұндай тізімді тәттілер жалғастырады. Кофе мен йогурт сияқты өнімдерді де таңертеңгілік тұтынбаған дұрыс. Бұл уақытта организм тәттіні қабылдауға дайын болмайды, ал ашқарына ішілген кофе асқазанның сілемейлі қабатын тітіркендіріп, гастрит туғызуы мүмкін.

Бүгінде жұмыртқа таңғы астың «патшасына» айналды. Қуырылған, суға қайнаған немесе шикі түрінде де пайдаланылады. Ал бұл қаншалықты пайдалы? Құрамында ақуыз, темір және минерал секілді қоректік заттар болған соң белгілі мөлшерде жеу денсаулыққа пайдалы. Ересектер мен балаларға күніне 2 дана жұмыртқа жеуге болады, ағза оның құрамындағы қажет элементтерді өзі сіңіріп алады. Бірақ жұмыртқаны шамадан көп тұтыну жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупін арттыруы мүмкін. Қуырылған жұмыртқаның дәмі расымен тіл үйіреді, алайда оны маймен қуырғанда калория мөлшері артады. Егер қуырылған жұмыртқаны өзге де майлы өнімдермен бірге қолданса, жүрекке зиян болады. Сондай-ақ құрамындағы белок ұсақ молекулалы амин қышқылына айналады. Ал мұндай амин

қышқылының адамды рак ауруына шалдықтыру қаупі бар. Жұмыртқаны қайнату тәсілімен пісіру витаминдер мен минералдарды сақтауға мүмкіндік береді. Емдік немесе дене бітіміне әсер ету мақсатында бұл тағамды шикілей қолданатын адамдар бар. Бірақ мамандар жұмыртқаны бұлай тұтыған қауіпті дейді. Себебі жұмыртқаны жоғары температурада қайнатқанда ғана ондағы бактериялар жойылады. Ал шикі түрінде қанша бактерия тірі қалады, елестетіңізші...

Жұмыртқамен бірге жүретін сыңары шұжыққа тоқталсақ. Жалпы шұжықты таңғы асқа ғана емес, күнделікті мезгілде көп тұтынбаған абзал. Бұл тағам негізінен тіскебасар ретінде қолайлы ет өнімі болғанымен, оның бестен бір бөлігі ғана еттен тұрады.



Інжу МАРЖАН

### Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10  
БАС РЕДАКТОРДЫҢ МІНДЕТІН  
АТҚАРУШЫ  
Айдана ЖҰМАДИНОВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru  
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:  
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 7049  
Тапсырыс: 1239